

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экстремизмге қарсы іс-қымыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 23 ақпандағы N 33 Заңы

Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-күжат; 2000 ж., N 3-4, 66-күжат; N 10, 244-күжат; 2001 ж., N 8, 52-күжат; N 15-16, 239-күжат; N 21-22, 281-күжат; N 24, 338-күжат; 2002 ж., N 17, 155-күжат; 2003 ж., N 10, 49-күжат; N 14, 109-күжат; N 15, 138-күжат; 2004 ж., N 5, 25-күжат; N 17, 97-күжат; 2004 жылғы 31 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және 2004 жылғы 22 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2005 жылғы 7 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аралық соттар және төрелік қызметінің мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы);

28-баптың екінші бөлігі "дау айту туралы" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік ұйым деп тану туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

289-баптың бірінші бөлігінің 10) тармақшасындағы "туралы істер жатады." деген сөздер "туралы;" деген сөзben ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"11) Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік ұйым деп тану туралы істер жатады.";

мынадай мазмұндағы 36-2-тараумен толықтырылсын:
"36-2-тарау. Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік ұйым деп тану туралы өтініш бойынша іс жүргізу

317-6-бап. Өтініш беру

Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік ұйым деп тану туралы өтінішті прокурор Астана қаласының сотына береді.

317-7-бап. Өтініштің мазмұны

Өтініште Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экстремизм деп танылуы мүмкін қызметті шетелдік немесе халықаралық ұйымның Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында жүзеге асыру фактісін растайтын мән-жайлар жазылуға тиіс.

Прокурордың шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік ұйым деп тану туралы өтінішіндегі материалдар шет мемлекеттердің құзыретті органдарынан алынған нақты деректерді де, соның ішінде халықаралық соттардың және шет мемлекеттер соттарының сот шешімдерін де қамтуы мүмкін.

317-8-бап. Соттың өтініш бойынша шешімі

Соттың шешімі Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйым туралы мәліметтерді құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында өз құзыреті шегінде статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органның арнайы есепке алу жүйесіне қосу үшін негіз болады.

Прокуратура органдары Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді жүзеге асыратын шетелдік немесе халықаралық ұйымды экстремистік ұйым деп тану туралы істі қарауға байланысты сот шығындарын төлеуден босатылады".

2. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; 2004 жылғы 28 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және 2004 жылғы 15 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық істерді тергеу рәсімдерін жөнілдету, қылмыстардың кейбір қурамдарын қылмыстық сипаттан арылту және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2004 жылғы 31 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және 2004 жылғы 22 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

2004 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы ; 2005 жылғы 7 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аралық соттар және төрелік қызметінің мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

37-бап мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

"1-1. Шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы заңнамасын бұзғаны үшін занды тұлға ретінде әкімшілік жауапқа тартылады.>";

344-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, -

азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, занды тұлғаларға - телевизия бағдарламалары мен (немесе) радиохабарларын ұйымдастыру жөніндегі қызметке берілетін лицензиядан айрып және занды тұлғаның қызметіне тыйым сала отырып, айлық есептік көрсеткіштің мындан екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

374-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"374-бап. Қоғамдық бірлестіктер туралы заңнаманы бұзу

1. Қоғамдық бірлестік басшыларының, мүшелерінің не қоғамдық бірлестіктің осы қоғамдық бірлестіктердің жарғыларында белгіленген мақсаттары мен міндеттерінің шегінен тысқары іс-әрекеттер жасауы, -

қоғамдық бірлестіктің басшыларына - ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктің мүшелеріне - айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестікке айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады .

2. Қоғамдық бірлестік басшыларының, мүшелерінің не қоғамдық бірлестіктің Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын іс-әрекеттер жасауы, -

қоғамдық бірлестік қызметін үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрып, қоғамдық бірлестіктің басшыларына - айлық есептік көрсеткіштің жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктің мүшелеріне айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, -

қоғамдық бірлестік қызметін үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрып, қоғамдық бірлестіктің басшыларына - айлық есептік көрсеткіштің жүз елуге дейінгі

мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктің мүшелеріне айлық есептік көрсеткіштің жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, сол сияқты осы баптың үшінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолдануға әкеп соққан бұзушылықтарды жоймау, -

қоғамдық бірлестіктің қызметіне тыйым сала отырып, қоғамдық бірлестіктің басшыларына - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, қоғамдық бірлестіктің мүшелеріне айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады".

3. "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" 1992 жылғы 15 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 84-құжат; 1995 ж., N 20, 120, 121-құжаттар; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; 2004 жылғы 30 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және 2004 жылғы 28 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

4-бап мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"Мемлекетте бір діннің ұstemдігін орнықтыруға, діни өшпендейлікті немесе алауыздықты, соның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты діни өшпендейлікті немесе алауыздықты қоздыруға бағытталған діни бірлестікті құруға және оның қызметіне тыйым салынады.

Діни экстремизмді насихаттауға, сондай-ақ конфессияларық айырмашылықтарды саяси мақсаттарға пайдалануға бағытталған іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады".

4. "Қоғамдық бірлестіктер туралы" 1996 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 234-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат):

5-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Экстремистік мақсаттарды көздейтін қоғамдық бірлестіктерді құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген әскерилендірілген құралымдарды құруға тыйым салынады";

23-баптың үшінші бөлігінің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қоғамдық бірлестік Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылуын жоймаған жағдайда, не оларды қайталап бұзған жағдайда прокуратура, ішкі істер органдары, сондай-ақ азаматтар сотқа оны тарату туралы арызбен жүгінуге құқылышы".

5. "Саяси партиялар туралы" 2002 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 16, 153-құжат)

13-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) саяси партия басшыларының экстремизмді жүзеге асыруға бағытталған жария шақыруы мен сөйлеген сөздері орын алған жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін.".

6. "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 24, 176-құжат):

12-баптың 3-тармағының 10) тармақшасындағы "тексерулерді арнайы есепке алууды жүргізу ді жүзеге асырады." деген сөздер "тексерулерді;" деген сөзben ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) экстремизмді жүзеге асырғаны үшін жауапқа тартылған адамдарды және сот экстремистік үйым деп таныған үйымдарды арнайы есепке алу ісін жүргізу ді жүзеге асырады.".

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК